Ұйымдастырушыға

«Өнербек Құрылыс» ЖШС "Сайрам аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ ұйымдастырған «№ 17385968-2 - Конкурстық құжаттамаға сәйкес мемлекеттік сатып алу» ашық конкурсының келесі лоттарына қатысқан:

1. Лот № 84469681-ОК1 - Көшелерді салу бойынша жұмыстар (Сайрам аулданы Манкент а/о Абдураимов көшесінің жол жамылғысын жақсарту);

Конкурстық комиссия шешімімен «Өнербек Құрылыс» ЖШС-нің конкурстық өтінімі конкурстың квалификациалық талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты заңсыз шеттетілген. Атап айтқанда конкурстық өтінімде материалдық және еңбек ресурстарын ұсынбауына байланысты.

Конкурстық комиссияның Мемлекеттік сатып алу талаптарына қайшы шешім қабылдауымен толықтай келіспейміз.

Аталған ашық конкурсының ажырамас бөлігі болып табылатын сметалық құжаттамаларда көрсетілгендей, орындалатын жұмыстар Сайрам ауданының Манкент ауылында көшелдері салу жұмыстары болып табылады.

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес, орындалатын жұмыстар – жолдарға ағымдағы, орташа жөндеу жұмыстарына жатады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 72 тармағына сәйкес «құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге тиісті рұқсаты (хабарламасы) бар және құрылыспен байланысты емес жұмыстарды (**ағымдағы** немесе **орташа жөндеу**, қалпына келтіру, қолданыстағы объектілерді қайта өңдеу, абаттандыру, дамыту) мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілер Қазақстан Республикасының рұқсат беру және рұқсат беру туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсат (лицензия) арқылы материалдық және еңбек ресурстарына иелігін растайды» деп көрсетілген.

«Өнербек Құрылыс» ЖШС өзінің конкурстық өтінімінде Қазақстан Республикасының рұқсат беру және рұқсат беру туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсат (лицензия) құжаттамаларын ұсынған. Атап айтқанда 05.12.2025 жылғы № 25039110 Құрылыс-монтаж жұмыстарымен айналысуға берілген лицензиясы.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, сұраймыз:

1. **«№ 17385968-2 - Конкурстық құжаттамаға сәйкес мемлекеттік сатып алу» ашық конкурсында «Өнербек Құрылыс» ЖШС-нің конкурстық өтінімін толықтай конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келуіне байланысты қорытынды туралы хаттаманы қайта қарауды;**

«Өнербек Құрылыс» ЖШС директоры А.Ш.Адильбаева